

# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

### «Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәріс тезистері

#### **Дәріс 8. Қазақтар арасындағы орыс православие шіркеуінің миссионерлік қызметі**

**Дәрістің мақсаты** – қазақ халқының отарлау және экспансия кезеңіндегі Орыс Православ шіркеуінің миссионерлік қызметінің мәнін анықтау.

#### **Дәрістің негізгі мәселелері:**

1. Патшалық Ресейдегі орыс православие шіркеуінің миссионерлік әдістері мен технологиялары;
2. Православтық шіркеу: аумақтық миссия;
3. Православие шіркеуінің Қазақстандағы миссионерлік саясаты және кезеңдері.

Қазақстан территориясының Ресей империясының қол астына енгеннен кейін қазақ халқы көптеген саяси, мәдени және әлеуметтік тұрғыда өзгерістерді бастан кешірді. Бұл өзгерістер Патшалық Ресей билігінің отарланған аймақтарды мәдени, әкімшілік-аумақтық игеру ісінде және Қазақстанға мемлекеттік-шіркеулік құрылымды орнатуға деген талпынысынан көрініс тапты. Патшалық Ресей қол астындағы халықтарды бағындырып, империя құрамына интеграциялап, біртұтас идеологиялық кеңістік құру мақсатында православ шіркеуінің қызметіне сүйенді. Патшалық билік орыс православие шіркеуінің миссионерлік қызметінің нәтижелі болуы үшін оған жан-жақты қолдау көрсетті. Себебі патша өкіметі діні өзгерген халықты басқару оңай болатындығын жақсы білді.

Православие шіркеуінің Қазақстандағы миссионерлігі жөнінде зерттеу жүргізген ғалымдар миссионерлік саясатты жүзеге асырудың кезеңдерін атап көрсетеді.

Отандық тарихшы Ғ.К. Батырханов өзінің зерттеу жұмысында қазақ жеріндегі православие шіркеуінің миссионерлігін үш кезеңге бөледі:

1. 1862–1880 жылдар аралығындағы кезең. Бұл кезеңде Ресей империясының қазақтарды православие дініне ендірудің бар мүмкіндіктерін қарастыру арқылы орыстандыру саясатының түпкі мақсатын зерттеу.
2. 1881–1897 жылдар. Бұл кезеңде қазақ даласында мұсылмандарға қарсы «Қырғыз рухани миссиясы» құрылды. Сонымен бірге Қазақстан территориясында миссионерлік стандарт мен миссионерлік мектептер ашылды.
3. 1898–1917 жылдар. Патша үкіметінің әкімшілік шенеуніктері мен православие дінінің басшыларының қазақ халқын жаппай шоқындыру саясатын жүзеге асырып, миссионер ғалымдар мен мамандардың идеология саласындағы білімдерін толық- тырып, қазақ халқын шоқындыруға белсене кіріскен кезеңі.

Православие шіркеуінің миссионерлігінің тарихына қатысты зерттеулермен айналысып жүрген дінтанушы-ғалым Ш.С. Рысбекованың айтуынша, Қазақстандағы Орыс правосла- вие шіркеуінің миссионерлік қызмет стратегияларының қалыпта- су тарихы келесі кезеңдерден тұрады:

1. Алғашқы кезең, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың 70-жылдарының аралығында болды. Бұл уақыт Орыс православие шіркеуінің басқа конфессиялармен күрес әдістерінің қалыптасуы мен апробациясы кезеңі.
2. Екінші кезең 1875–1904 жылдар аралығы. Бұл кезеңде миссионерлік қызметтің белсенділігінің артып, халықтың діни санасына әсер етудің идеялық түрлерінің көрініс

беруі орын алды: құлшылыққа байланысты әңгімелесулер өткізу, шіркеулік-приходтық мектептерді құру, православтық храмдар мен шіркеу-лерді салу.

3. Үшінші кезең 1905–1917 жылдар – өзге сенімдерге діни төзімділікті күшейтуге бағытталған нормативтік актілер қабылданғаннан кейін, христиандық пен исламның діни бостандығын мойындайтын мемлекеттік саясат қалыптасты. Бірақ бостандық берілгеніне қарамастан, діни сенімді таратуға шектеу сақталды; тек православие шіркеуі ғана өзге дінді ұстанатындарға өз сенімін таратуға мүмкіндік алды. Бірақ 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін мемлекет өмірінің көптеген салаларында, соның ішінде мемлекеттік-шіркеулік қатынастарға қатысты саяси курсты өзгертті.

Православие шіркеуі жергілікті халықтар арасында миссияны құрмас бұрын, оны құру мүмкіндіктерін анықтауға байланысты белгілі бір жұмыстар жүргізді. Миссионерлер ең алдымен келесі сұрақтарға жауап іздеді:

1. Ислам қазақтардың арасында қаншалықты деңгейде дамыған?
2. Ислам қайдан және қандай жолдармен таралып жатыр?
3. Қазақтар арасында ислам дінін әлсірету үшін не істеуге болады?
4. Ешқандай толқуларсыз, қазақтар арасында миссияны қалай құруға болады? Аталған сұрақтарды шешу арқылы православ шіркеуі өз миссионерлігін жүргізіп отырды.

Православ шіркеуі жергілікті халықты христиандандыру саясатын шіркеулер салу арқылы жүзеге асырды. Мысалы, Омбы епархиясы құрылған алғашқы тоғыз жылда – 1895–1904 жылдар аралығында 100 шіркеу салынған. Олардың 18-і – Көкшетауда, 14-і – Семей уезінде, 4-і Сібір темір жолы линиясында 10-ы – Ақ- мола уезінде, 21 – Тюкалинскіде, 6 – Атбасар уезінде, 5-і – Омбыда, 13-і – Тарскіде, қалғандары – Қайың уезінде орналасты. Соны- мен бірге, 1913 жылы 1 қаңтарда Омбы епархиясының Қырғыз миссиясы құрамында 8 стан болды: Орталық, Преображенский (немесе Бөкенді), Мало-Владимирский, Шүлбі, Татарск, Атбасар, Знаменский әйелдер монастырі, Еленинск, Черноярск. Мұндағы православиелік қауым саны ерлер мен әйелдерді қоса есептегенде 6312 адам, олардың 6022-сі орыс және 290-ы шоқынған қазақтарды құрады. 1912 жылы миссия қарамағында 13 шіркеу мен құл- шылық үйі, 18 мектеп болған. Мектептерде 512 ұл және 262 қыз білім алған. Оның ішінде жаңадан шоқынған 12 ұл және 11 қыз, шоқынбаған мұсылман балалар саны 140 болған. XX ғасырдың басында Орынбор епархиясында 502 приходтық, 74 приходсыз шіркеулер мен 238 құлшылық үйлері болды. Олардың ішінде Орынбор губерниясында 423 шіркеу болса, Орал және Торғай облысында 13 шіркеу салынды.

Миссионер православиелік сенімді насихаттаудан бөлек молдалар мен медресе-мектептердің шәкірттерімен танысу, орыс шаруаларын діни-адамгершілік ағарту, православиені ұстанатын жергілікті тұрғындарды миссионерлікке баулу. Бұл үшін болашақ миссионерлерге Миссионерлік қоғам басып шығарған діни мазмұндағы кітаптарды тарату, «Түркістан епархиалды хабарлары» газетінде шыққан мақалаларды беру сияқты қызметтерді атқарды. Түркістан епархиясының миссионері И.П. Елисеевтің белсенді жұмысының нәтижесінде Түркістанда шағын аударма комиссиясы құрылды. Комиссия құрамына Түркістан оқу семинариясының шәкірттері кірді. Ал Ташкент, Никольск миссионерлік әйелдер монастырі және Ыстықкөл Свято-Троицк ерлер монастырі миссия жұмысына көмектесті. Комиссия діни ілімдік әдебиеттерді татар, араб, өзбек тілдеріне аударды. Миссионердің ойынша, исламмен күресудің маңызды құралы – мерзімді баспасөз.

Н.И. Ильминский мен Әулие Гурий бауырластығының мүшелері миссионерлікті жүзеге асыру ісінде білім беру мен қасиетті кітаптарды аударып бастыру ісіне ерекше мән берді. Н.И. Ильминскийдің православиені сенімінің таралуына қосқан үлесі жөнінде белгілі филолог, профессор М. Мырзахметұлы Патшалық Ресейдің миссионерлердің бар айла-амалы татар халқын шоқындыруға жұмсалғанын, бұл істе белсенді қызмет атқарған миссионер ғалым Ильминский екендігін айтады. Н.И. Ильминский ойынша жергілікті

халықтарды шоқындыру бойынша нақты міндеттерді анықтап алу қажет. Ең бірінші, Қасиетті мәтіндерді, дұғаларды, литургиялық жазбаларды қарапайым халық түсінетіндей етіп аударған дұрыс; екіншіден, аударманы жергілікті халық өкілі жасау керек, үшіншіден, шіркеулік уағыз бен діни құлшылық та сол халықтың тілінде өткізілуі тиіс. Н.И. Ильминский осындай жүйелі жұмыс арқылы православиені орыс емес халықтардың шын көңілімен қалауына көмектесе аламыз деп есептеді.

Н.И. Ильминский орыс емес халықтарды шоқындыру мен орыстандырудың тиімді жолы білім беру ісі екенін жақсы білді. Жергілікті халықтарды православиенімен таныстырып, сенім аясында тәрбиелеу үшін Н.И. Ильминский өз педагогикалық жүйесін жасап шығарды. Бұл жүйе келесі қағидалар мен ережелерден тұрды:

1. Бастауыш мектептердегі білім орыс емес халықтардың өз тілінде берілуі тиіс; оқыту барысында жергілікті халықтың тілінде, бірақ орыс графикасымен жазылған оқу құралдары және Құдай заңдары пайдаланылды.
2. Бастауыш мектепте білім тұрғылықты халықтың ана тілінде жүргізіліп, төрт жыл бойы орыс тілі міндетті пән ретінде оқытылуы тиіс, одан кейін балаларды тек орыс тілінде оқуға көшіру керек.
3. Ұлдар мен қыздар бірге білім алуы тиіс.
4. Мұғалімдер православиені қабылдаған жергілікті халық өкілі болуы керек.

Православиелік миссионерлік жүйенің идеологы Н.И. Ильминский өмірден өткеннен кейін, оның педагогикалық жүйесін сынаушылар көбейіп, біртіндеп жергілікті халық тілінде білім беретін мектептер жабылып немесе сабақтар тек орыс тілінде ғана жүргізіліп, бұратана халықтан шыққан мұғалімдер жұмыстан қуыла бастады. Әулие Гурий Бауырластығы да бұрынғы ықпалынан айырылып, мемлекет тарапынан қаржылық қолдау азайтылды.

Православие шіркеуі өзінің миссионерлік жұмысы барысында миссионердің келбеті мен мінез-құлқына да аса мән берген. Миссионерлер өздерінің жылы сөздерімен, тұшымды ақыл-кеңестерімен орыс емес халықтардың арасында заманауи тілмен айтсақ «позитивті имидж» қалыптастыруы керек болды.

Қорытындылай келе, қазақ жеріндегі орыс православиенің шіркеуінің миссионерлігі бірнеше бағытта жүргізілді:

- аймақтық миссиялар мен миссиялық стандарттар ашу;
- миссия қызметкерлерінің қазақтар және жергілікті халықпен ассимиляцияға түскен орыстар арасында үгіт-насихатпен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- православиені қабылдаған қазақтарға жер беру, түрлі жеңілдіктер жасау; христиандық кітаптарды көпшілік түсінетіндей етіп, қазақ тіліне аудару және тарату;
- мектептер мен оқу орындарын салып, оларды шоқындыру мен орыстандыру мақсатында пайдалану; ұлттық мектептерді ашу;
- миссионерлерді жергілікті халық өкілдерінен дайындау; қазақ даласындағы мешіт, мектеп-медреселердің салынуына кедергі келтіру;
- миссионерлік жолында кез келген мәселені дер кезінде назар аударып, шешім қабылдау арқылы өз мүдделеріне жетіп отырған.

#### **Бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Православиелік миссия мен қазақ халқының өзара арақатынасы;
2. Қазақ жеріндегі православиелік миссияның жүргізген миссионерлік әдістеріне талдау;
3. Миссионер Н.И. Ильминский және Әулие Гурий бауырластығының қызметі.

#### **Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Рысбекова Ш.С. Миссионерская деятельность православной церкви в Казахстане // Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. – 2015. – № 1 (50). – С. 221-228.

2. Лысенко Ю.А. Миссионерство Русской православной церкви в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX в.) / под. науч. ред. Ю.М. Гончарова. – Барнаул: Изд-во Алтайского университета, 2010 – 195 с.
3. Мәшімбаев, С.М. Патшалық Ресей және Кеңес империяларының Қазақстандағы рухани отарлау саясатының зардаптары / С.М. Мәшімбаев, Г.С. Мәшімбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 268 б.
4. Эгамбердиев, М. Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 196 б.
5. Мырзахметов, М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993. – 128 б.